



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

| Мамандық шифры | Мамандықтың атауы | Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті |
|----------------|--|---|
| 5B012300 | «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» | 1. Педагогика 2. Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Әлеуметтік педагогика |

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Педагогика
 - Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
 - Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 - Әлеуметтік педагогика
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) психикалық
- B) танымдық
- C) қызығушылық
- D) әлеуметтік
- E) тәрбиелік

2. Жас ерекшеліктер:

- A) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән табиғи ерекшеліктер
- C) Әр балаға тән белгілі мінез-құлық
- D) Белгілі бір жас кезеңіне тән физиологиялық сапалар
- E) Әр балаға тән белгілі сипат

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер:

- A) технологиялық
- B) эмпирикалық
- C) техникалық
- D) теориялық
- E) әдістемелік

4. Өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдерінің бірі:

- A) ақтау
- B) бақылау
- C) бағалау
- D) түзету
- E) алдау
- F) жазалау
- G) мадақтау
- H) қорлау

5. Тәрбиенің мақсаты:

- A) тәрбиеленушілерді жағымды іс-әрекетке өзгертуге бағыттылық
- B) тәрбиеленуші шешетін міндеттер
- C) ата-ана міндеттері
- D) мектептің мақсаты
- E) тәрбие сипаттамасы
- F) амалдар жүйесі

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) дағдылар
- B) практикалық іскерліктер
- C) көзқарастар
- D) діни білімдер
- E) мифологиялық білімдер
- F) ғылыми-білімдер жүйесі

7. Басқару стилі бойынша:

- A) демократиялық
- B) авторитарлық
- C) адамгершілік
- D) отбасылық
- E) либералдық

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Міндетті
- B) Типтік
- C) Тұлғалық
- D) Мектеп
- E) Мемлекеттік
- F) Оқу-жұмыс
- G) Авторлық

9. Педагогиканың теориялық қызметтері:

- A) Оқыту
- B) Қалыптастыру
- C) Сұхбат
- D) Тәрбиелеу
- E) Анықтау
- F) Түсіндіру

10. Білім мазмұны дегеніміз:

- A) Оқушылардың ғылыми білім, біліктілік және дағдыны игеру үдерісі
- B) Оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісі
- C) Оқушылардың оқу процесі барысында меңгеруге тиісті сауаттылық және дағдылар жүйесі
- D) Оқушылардың ақыл-ой, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі
- E) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі

11. Ынталандыру әдістеріне жатады:

- A) Мадақтау
- B) Тапсырма беру
- C) Этикалық әңгіме
- D) Тәрбиелік жағдайлар
- E) Жазалау
- F) Сендіру
- G) Жарыс

12. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына
- B) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне
- C) Сұранысқа ие болуына
- D) Директор орыбасарының позициясына
- E) Қойылатын талаптардың мазмұнына
- F) Мектеп директорының позициясына

13. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Оқушылар ұжымын зерттеу
- B) Оқушылардың өзара қарым-қатынасын зерттеу
- C) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау
- D) Жүйенің қалыптасуы
- E) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру
- F) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын орындау

14. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін ұстанбауы
- B) ата-ана туралы мәліметтердің толықтығы
- C) отбасы құрылымы
- D) ата-ананың баланың өмір әрекетіннің мазмұнына көңіл бөлуі
- E) балаларының дарынды, талантты, мәдениетті, талапшыл болуы
- F) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы

15. Дидактика ғылым ретінде қарастырады:

- A) Нені оқытамыз
- B) Қалай оқытамыз
- C) Баланы кім үшін оқытамыз
- D) Отбасында оқытамыз
- E) Балаларды кім оқытады
- F) Қашан оқытамыз
- G) Қай жерде оқытамыз

16. Оқытуды ұйымдастыру формалары:

- A) Қоғамдық жұмыс
- B) Дәріс
- C) Жаттығу
- D) Сабақ
- E) Семинар

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- B) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- C) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- D) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- E) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- F) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- G) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- H) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары

18. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- B) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- C) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- D) Төзімділіктерін дамытады
- E) Отаншылдық қасиетін арттырады
- F) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- G) Тәрбиені меңгертеді

19. Оқытуды бақылау түрлері:

- A) Топтық
- B) Тоқсандық
- C) Ұйымдастырушылық
- D) Мерзімді
- E) Хабарлық

20. Оқу үдерісіндегі сөздік әдістер:

- A) Түсіндіру
- B) Білімді жетілдіру
- C) Тәжірибелік
- D) Эвристикалық
- E) Дәріс
- F) Әңгіме, әңгімелесу
- G) Көрнекілік

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Қолдану деңгейі
- B) Философиялық негіз
- C) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- D) Психологиялық негіз
- E) Нәтижелілік деңгейі
- F) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
- B) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- C) білім беруді реттеуді қамтиды
- D) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді
- E) педагогикалық технологияларды іріктеуге қатысады
- F) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Мектептің материалдық жағдайын
- B) Оқу жүйесінің құрылымы мен мазмұнын
- C) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- D) Мектептің құжат санын
- E) Мектептің ақпараттық жабдықталуын
- F) Оқу-тәрбие үрдісін диагностикалауды
- G) Оқу жоспарының құрылымын

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Экологиялық қарым-қатынас
- B) Сын тұрғысынан қарау
- C) Креативті ойлау
- D) Құқықтық қарым-қатынас
- E) Эмоционалдық қарым-қатынас
- F) Экономикалық қарым-қатынас
- G) Ашық қарым-қатынас

25. Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әсер етеді:

- A) оқыту принциптері
- B) ата-аналардың сұрақтары
- C) мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің деңгейі
- D) пәндік әдістемелік бірлестіктердің өзара бәсекелестігі
- E) жергілікті әкімшілік талаптары
- F) білім саласындағы мемлекеттік саясат, заңдық актілер мен құжаттар
- G) мұғалімдердің мәртебесін көтеру

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі

1. Адамзаттық мәселелер бойынша дағдарыстың түрлері:

- A) Қаржылық
- B) Әлеуметтік
- C) Экологиялық
- D) Моральдық
- E) Жеке тұлғалық
- F) Қоғамдық
- G) Экономикалық

2. А. Эйнштейн бойынша «Ақыл жоғары сананың-....»:

- A) Құралы
- B) Реттеушісі
- C) Қабылдаушысы
- D) Сараптаушы
- E) Бақылаушысы

3. Оқушының өзін-өзі дамытуының технологиясы құрайтын жүйелік:

- A) Теория
- B) Әдістеме
- C) Зерттеу
- D) Тәжірибе
- E) Дәріс, семинар
- F) Білу
- G) Ойын, еңбек

4. Сабақтың басында жағымды күйге келу әдісін қолдану тәжірибесі төмендегідей көрсеткіштердің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті:

- A) Ажырату деңгейінің жоғарлауы
- B) Педагогикалық даму
- C) Сенгіштік
- D) Ақылдың байсалдылығы
- E) Ішкі тыныштық
- F) Ес тоқтату
- G) Өзін-өзі қадағалау

5. Әлеуметтік-психологиялық тренинг өзін-өзі тануда келесідей ерекшеліктерге сәйкес қолданылуы мүмкін:

- A) Тұрақты қызығушылықтың қалыптасуына ықпал етеді
- B) Серіктестік қарым-қатынасты көрсетеді
- C) Оқушылардың қарым-қатынас мәселелерің анықтайды
- D) Оқыту үрдісінің нәтижелілігіне ықпал етеді
- E) Қатысушылардың қарым-қатынасына бағытталған кеңістіктік ұйымдастырылудың стандарттылығын сипаттайды
- F) Топ қатысушыларының арасындағы қарым-қатынасқа назар аударуға ықпал етеді
- G) Қатысушылардың белсенділігін, көрсетеді

6. Сабақты жоспарлаудағы ұстанымдар:

- A) Сабақтың мақсатында жалпы адамзаттық құндылық сабақтың тақырыбымен байланысты көрініс табуы тиіс
- B) Оқулықтан нені алатынын, ол мұғалімнің сыйы ретінде жаңадан нені ұсынатынын жүрекпен ұғынғаны абзал
- C) Тақырып оқулықтан алынады, қалған материалдарды мұғалім өзі таңдайды, мұғалімнің шығармашылық қатынасы маңызды
- D) Әңгімені түпкі санада сақтау үшін мұғалім оқушыларға бірнеше рет дауыстап айтқызады
- E) Сұрақтар балалардың ойына түрткі салу үшін нақты, қысқа, логикалық тұрғыда ойластырылған болуы тиіс
- F) Жағымды күйге келу сабақтың басында және соңында өткізілуі қажет

7. Тестілеудің өзін-өзі тану сабағындағы маңызы:

- A) Оқушылардың құндылықтар ұғымының өзгерісін анықтайды
- B) Сабақтың тез өтуіне көмектеседі
- C) Мұғалімнің жетістігін анықтауға көмектеседі
- D) Мұғалімге сабақты оңай өтілуіне септігін тигізеді
- E) Мұғалім тарапынан балаға деген қаталдылықты білдіреді

8. Мұғалім сабаққа позитивті пікірді (дәйексөзді) енгізеді:

- A) білімдарлықты көрсету үшін
- B) адамдардың жақсы жақтарын көру үшін
- C) жақсы әрекет жасауға үйрету үшін
- D) назар аудару үшін
- E) оқу деңгейін арттыру үшін

9. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылым – теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) Р.Г. Лемберг
- B) В.В. Давыдов
- C) И.С. Якиманская
- D) К. Роджерс
- E) Е.В. Бондаревская

10. Бүгінгі қоғамның маңызды проблемасы – толеранттылық, бұл:

- A) Өзгелердің пікіріне төзімсіздік
- B) Ұлттық қарама-қайшылық
- C) Діни соқыр нанымдар
- D) Басқа да көзқарасқа рұқсат ету
- E) Өзге топтардың нормалары мен өмір сүру құқын мойындау

11. «Өзін-өзі тану» пәні контекстінде жалпы адамгершілік құндылықтарға жатады:

- A) Даралық
- B) Дамыту
- C) Адам
- D) Қалыптасу
- E) Еңбек
- F) Тұлға

12. Сабақ өте қызықты, тиімді өту үшін сақталуы тиіс ереже:

- A) Татулық
- B) Ар-ұят
- C) Көше заңдары
- D) Тыныштық, тазалық
- E) Көңіл көтеру
- F) Отбасылық тәртіп

13. Семинар сабақтарының жаңашыл формалары:

- A) Әңгіме
- B) Тренинг
- C) Семинар «пікірталас тудыратын шағын топ»
- D) Диспут
- E) Іскерлік ойын
- F) Семинар –дөңгелек үстел
- G) Рөлдік ойын

14. «Өзін-өзі тану» сабағындағы тестілеудің беретіні:

- A) Мұғалімнің жұмысын бағалау
- B) Әлеуметтік рөлдің ауысу
- C) Өзіне деген сенімділіктің төмендету
- D) Өзіндік сананы тексеру
- E) Түзетуді талап ететін сұрақтарды айқындау

15. «Өзін-өзі тану» пәнінің мотивациялық және ынталандыру әдістері:

- A) Белсенді әдістер
- B) Қызықтылық
- C) Ауызша, көрнекілік, практикалық
- D) Интерактивті
- E) Драматизация және театрализация

16. Сабақ құрылымына дұрыс талдау жасау реті:

- A) Позитивтік ой-пікірлер оқушылардың есте сақтауы үшін қысқа әрі жеңіл мәліметтер болуы
- B) Адамның шынайы құндылықтары туралы ойларға түрткі болуы
- C) Сабақ тақырыбының рухани-адамгершілік тереңдігін аша алуы
- D) Сабақтан тыс тәрбие жұмысын талдау
- E) Видеокұралдарын пайдалану сапасын қарау
- F) Мұғалімнің қалауы бойынша оқулықтан немесе басқа кітаптардан мәлімет алуы

17. Оқушылардың санасын кеңейту қажет:

- A) дене жаттығулары арқылы
- B) «біз — мемлекет» дегенне «біз — адамзат» дегенге дейін
- C) танымдық белсенділікті арттыру арқылы
- D) кішіден үлкенге дейін
- E) дене еңбегі арқылы
- F) қатынас арқылы

18. Тыныштандыру сәтін қолдану маңызды:

- A) сананы бақылау үшін
- B) ішкі әлемді ұғыну үшін
- C) эмоцияларды білдіру үшін
- D) ақылды жетілдіру үшін
- E) адамдарды тану үшін
- F) сананы тыныштандыру үшін

19. Шаттық шеңберінің мәні:

- A) Туған күндерді атап өтуге арналған
- B) Өзіне және айналасындағыларға сене білуіне жағдай жасау
- C) Дос болуға әсер етеді
- D) Оқушылардың қабілеттерін ашады
- E) Көңіл көтеруге септігін тигізеді
- F) Қуаныш сыйлайды
- G) Әр оқушының өзін өзара тату, дос мектеп ұжымының бір бөлшегі ретінде сезіне білуіне
- H) Мектеп ұжымының жарастығына, үйлесімділігіне және бірлігіне жол ашады

20. Мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту шарттары:

- A) сүйіспеншілік, сенім, шығармашылық атмосферасын жасау
- B) ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін айқындау
- C) оқыту және тәрбиелеу әдістерін жетілдіру
- D) оқушылардың жеке ерекшеліктерін дамыту
- E) бәсекеге қабілетті ортаны жасау
- F) тілектестік қарым-қатынасты дамыту

21. «Өзін-өзі тану» сабағында мұғалім пайдаланатын мета-хабарлама:

- A) бет әлпеті
- B) технология
- C) сөздер
- D) вербалды құралдар
- E) көңіл-күй
- F) мимика

22. Психологияда рефлексияның келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

- A) Коммуникативтік
- B) Интеллектуалды
- C) Реттеушілік
- D) Насихаттаушылық
- E) Тұлғалық

23. Білім берудің жаңа гуманистикалық парадигмасында білім беру үдерісі жеке – шығармашылық әрекеттегі сипатты иеленеді:

- A) Білім беру үдерісінде тұлғаның субъективті белсенділігі
- B) Тұлға қажеттілігінің өсуі
- C) Әлем бейнесі
- D) Тұлға және қоғам құндылығы
- E) Табиғатқа құнды қарым – қатынас
- F) Жалпы адамзат құндылығының жүйесі
- G) Тұлға қажеттілігінің мақсаты

24. «Өзін – өзі тану» пән аралық аймағы осы пәннің келесі тапсырмаларында анық көрінеді:

- A) Тұлғалық даму мен оқушының өзіндік дамуына жәрдемдесу
- B) Өмірге жауапты қарау мен өзіндік ұйымдастыру қабілетін тәрбиелеу
- C) Тұлғаның араласу аймағының ұлғаюына әсер ету
- D) Ұжымдық сезімін дамыту
- E) Өзіндік меңгерудің дамуына әсер ету
- F) Тұлғаның идеялы позициясын қалыптастыру
- G) Достық сезімін тәрбиелеу

25. В.И. Слободчиков былай жазды: «Гуманитарлық білім – бұл ... бірлігі»:

- A) нақты мен тиістінің
- B) қарама-қарсылықтардың күресінің
- C) материя мен идеяның
- D) логикалық пен иррационалдының
- E) талдау мен синтездің
- F) рас пен өтіріктің
- G) факт пен мағынаның
- H) шындық пен құндылықтың

Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие жұмысының нәтижелерін және тиімділігін диагностикалау түрлері:

- A) мектепте іске асырылатын тәрбие міндеттері
- B) оқушыларға тест
- C) жаңа тәрбие жүйесін жасау кешені
- D) ата-анаға сауалнама
- E) оқушының тәрбиелік картасы

2. Тәрбие әдісі:

- A) Тәрбие мақсатына жету тәсілдерінің жиынтығы
- B) Әдістерді тиімді пайдалану
- C) Оқушының өзінің еңбегімен жеткен жетістігі
- D) Әртүрлі іс-әрекеттер ұйымдастыру
- E) Педагогтің еңбек жолы

3. Оқушылармен көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрлері:

- A) Кештер
- B) Марапаттау
- C) Сынып сағаты
- D) Жеке қызығушылығын анықтау
- E) Ертеңгіліктер

4. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) Салауатты өмір сүруге баулу
- B) Ақыл-ой деңгейін көтеру
- C) «Еңбек ету - менің ең бірінші қажеттілігім» деп сезінуге үйрету
- D) Елжандылық
- E) Кәсіби бағдар беру

5. Сынып жетекшісі мен оқушылардың тәрбие жұмысын жоспарлауда бірлігі мен ынтымақтастығының деңгейі төмендегі жағдайларға тәуелді:

- A) тәрбие тәсілдеріне
- B) ата-аналардың даярлығына
- C) тәрбие үлгілеріне
- D) педагогтің дайындығына
- E) оқушылардың талантына
- F) жоспарлаудың алдыңғы тәжірибесіне

6. Сынып жетекшісінің функциялары:

- A) Балаларды әлеуметтік қорғау
- B) Инновациялықты жасау
- C) Ашық есік күндерін өткізу
- D) Практикаға енгізу
- E) Балалардың дамуын диагностикалау

7. Латынның «коллективус» деген сөзінің мағынасы:

- A) Қоғам
- B) Отбасы
- C) Ұйым
- D) Жиын
- E) Көпшілік
- F) Топ

8. Мектептің тәрбиелік жүйесінің негізгі қызметтері:

- A) таратушы
- B) дамытушы
- C) үйретуші
- D) қорғаушы
- E) реттеуші

9. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) педагог, мектеп
- B) жеке
- C) көпшілік
- D) арнайы тұлғаларды қатыстыру
- E) тәрбие мазмұны

10. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) «Баланың кітап оқу мәдениетін жетілдіру» тақырыбында сұхбаттасу
- B) Балалардың жетістіктерін мадақтау
- C) Оқушыларды әрдайым тұрақты қатыстыру
- D) Жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
- E) ата-аналармен жеке әңгімелесу

11. Мектептің тәрбие жүйесі дамуының бірінші сатысы:

- A) жұмыс түрлері мен дәстүрді қалыптастыру
- B) ішкі байланыстардың жеткіліксіз болуы
- C) жаңа жағдайларға бейімделу
- D) жоспарды жүзеге асыратын адамдардың бірлігі
- E) жұмыстың негізгі әдістерінің кешені
- F) жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру
- G) тәрбие үдерісін ұйымдастыруды мақсатын құру

12. Қазіргі тәрбие жүйесінің негізгі ұстанымдары:

- A) Субъективті, прагматикалық
- B) Қоғамға бағытталғандығы, өмірмен байланысы
- C) Ағымдағы тәрбие үдерісі ұстанымдары
- D) Тәрбиенің еңбекпен байланысы
- E) Тәрбиенің ұзақтығы
- F) Көрнекілік, ғылыми, жүйелілік

13. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушының міндеттері:

- A) тәрбие жұмысын жоспарлау, үйлестіру
- B) мектептің шаруашылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету
- C) мектеп директоры мен сынып жетекшілерінің қарым-қатынасын жақсарту
- D) тәрбие жұмысын бақылау, тексеру, түзету, озат тәжірибені тарату
- E) сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек беру
- F) жалпы білім беретін орта мектептерде оқушы санын арттыру
- G) оқушыларды ұжым болып пікірталастыруға үйретеді

14. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) оқу бағдарламаларын жасап, талқылау, бекіту
- B) сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- C) сыныптың оқыту үрдісін ұйымдастыру
- D) сынып оқушылары мен ұжымын диагностикалау
- E) сыныптың тәрбие жұмысын жоспарлау
- F) білім беруді жоспарлау
- G) өзінің біліктілігін көтеру және әріптестеріне көмек беру

15. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) мектепті материалдық, техникалық қамтамасыз ету
- B) мәселелерді шешуде оқушыға көмек көрсету
- C) ата-аналармен қарым-қатынас, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- D) мектеп ұжымына бейімделу
- E) елдегі әлеуметтік жағдайларды зерттеу
- F) оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру
- G) үй тапсырмасын жүйелі орындау

16. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) балаларды мадақтау
- B) ата-аналармен жеке әңгімелесу
- C) ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- D) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- E) оқушыларды әрдайым бірге қатыстыру
- F) әріптестер мен басшыларды шақырту

17. Оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізетін мектептен тыс мекемелер:

- A) еңбекті қорғау мекемесі
- B) кітапханалар
- C) өнер, музыка мектептері
- D) педагогикалық-әдістемелік жұмыстар
- E) сауықтыру, еңбек лагерьлері
- F) лицей, гимназия

18. Қиын балалармен жұмыс әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

- A) Қиын баламен жұмыста алғашқы және соңғы сатылары
- B) Тәрбие бағыттары
- C) Бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- D) Типтерді зерттеу бойынша психологпен кеңесу
- E) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесу
- F) Оқушыларды жан-жақты зерттеу және іріктеу

19. Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың басты қағидалары:

- A) Даралық
- B) Тұтастық
- C) Мақсаттылық
- D) Еріктілік
- E) Дербестілік
- F) Табиғилылық

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) пікірталас
- B) өзін-өзі басқару орталығы
- C) үйрету
- D) тәрбиелік жағдаяттар
- E) педагогикалық талап
- F) мектептегі әдістемелік кеңес

21. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) педагогтің шеберлігіне
- B) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- C) қаржы көздеріне
- D) оқыту мерзіміне
- E) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- F) оқушының еңбекқорлығына
- G) тұқымқуалаушылыққа

22. Оқушылар ұжымын қалыптастыру мен нығайтудағы ұжымның даму болашағын жоспарлау перспективасы:

- A) Болжам жасау
- B) Апталық жоспар
- C) Орта болашақ
- D) Жақын болашақ
- E) Жылдық жоспар
- F) Алыс болашақ

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- B) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- C) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- D) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- E) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- F) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- G) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- H) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі

24. Іс-әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:

- A) Дәріс, семинар
- B) Жаттығу
- C) Пікірталас
- D) Педагогикалық талап
- E) Жазалау, жарыс, мадақтау
- F) Сендіру, этикалық әңгіме
- G) Диктант жазу

25. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Жазалау
- B) Мадақтау
- C) Тәрбиелік жағдаяттар
- D) Пікірталас
- E) Сендіру, этикалық әңгіме
- F) Мектептегі әдістемелік кеңес
- G) Өзін-өзі басқару орталығы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік педагогика

1. Тәрбие әдісі:

- A) Мақсатқа жету жолдары
- B) Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің арасындағы тәрбиелік байланыс
- C) Жеке адамға тікелей және жанама түрде ықпал ету
- D) Өмірлік тәжірибе
- E) Оқыту құралы
- F) Педагогикалық жұмыстың тәсілдері мен жолдары арқылы тәрбие мақсатына жету

2. Әлеуметтендіру үдерісінің негізгі көрсеткіштері:

- A) Ата-ананың баласы үшін жауапқа тартылуы
- B) Арнайы ұйымдастырылған жеке адамға бағытталған оқыту, еңбек ету, мемлекет тарапынан түзілген мерзімді шарттар мен жағдайлар
- C) Баланың өміріне жауапкершілікпен қарау
- D) Жоспарлы түрде ұйымдастырылған әрі бақылауға алынған қоғамдық, құқықтық, мәдени шарттар және сол арқылы жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар
- E) Стихиялы әлеуметтендіру
- F) Тұлғаның өз ойын ашық айтуы
- G) Баланы мадақтау

3. Еңбек мектебінің бағыттары:

- A) Тек қол еңбегі емес, барлық жағынан бала белсенділігін дамытатын мектеп
- B) Пәндерді оқытумен қатар бейнелеу өнеріне көңіл қою
- C) Сапалы білім беру
- D) Басты пән ретінде қол еңбегі (кәсіптік немесе жалпы білім беретін қолөнер мектебі)
- E) Адамгершілік тұрғысынан дамыту

4. Балалар үйіндегі жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Е.О. Смирнова
- B) В.В. Зенковский
- C) Қ.Қ. Өмірбекова
- D) П.П. Лазарев
- E) К.Б. Бектаева
- F) А. Дистервег

5. Өзара әрекеттесуде сөйлеуді толықтыратын ерекше коммуникативті жүйелер ретіндегі паралингвистикалық элементтер жиынтығы:

- A) Күлкі, жылау
- B) Ишарат білдіру
- C) Қол сермеу, қол бұлғау
- D) Пантомимика
- E) Бейнелеу
- F) Отыру қалпы

6. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып анықталған әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесі:

- A) Салық төлеу
- B) Құнды қағаздар сату
- C) Мемлекеттік жәрдемақылар
- D) Несие беру
- E) Міндетті әлеуметтік сақтандыру

7. Өзара әрекеттесуде сөйлеуді толықтыратын ерекше коммуникативті жүйелер жиынтығы:

- A) Отыру қалпы
- B) Ишарат білдіру
- C) Пантомимика
- D) Күлкі, жылау
- E) Аһ ұру, есінеу, сөз арасындағы кідірістер
- F) Бейнелеу
- G) Дауыстың сапасы, екпіні, сөйлеу темпі
- H) Қол сермеу, қол бұлғау

8. Педагогтың әлеуметтік-психологиялық менталитеті:

- A) Мінезі
- B) Салмағы
- C) Көңіл-күйі
- D) Ақыл-ойы
- E) Темпераменті

9. «Бейімделу» (адаптация) қарастырылу түрлері:

- A) Бейімделу үдеріс
- B) Қоғамдық бейімделу
- C) Бейімделу құбылыс
- D) Бейімделу көрінісі
- E) Бейімделуге баулу
- F) Бейімделу жаттығуы

10. Дж.Дьюи бойынша бала тәрбиесіндегі еліктеудің түп қазығы:

- A) Мектеп үйірмесі
- B) Әлеуметтік мәдени ортасы
- C) Анасы
- D) Тәрбиеші
- E) Ұстазы
- F) Құрал-саймандары
- G) Әкесі
- H) Құрдастары

11. Баланың белсенді еңбегінде негізделген мектепті бағыттары:

- A) Тек қол еңбегі емес, барлық жағынан белсенділігін дамытатын мектеп
- B) Басты пән ретіндегі қол еңбегі
- C) Жеке фактордың жеке тұлғаға ықпалы
- D) Болжамдық міндеттер
- E) Ортаның өсу үстіндегі жеке адамға, топқа ықпалы
- F) Әлеуметтік тұлғада адамдардың өзін-өзі жетілдірудегі рөлі
- G) Халықтың түрлі топтарының, адамдарының жеке топтарының жекелеген тұлғалардың әлеуметтік тәрбиесі
- H) Барлық пәндерді өту арқылы әдіс ретіндегі қол еңбегі

12. Девиантты іс-қимыл факторлары:

- A) Психологиялық және педагогикалық
- B) Биофактор
- C) Мегафактор
- D) Мезофактор
- E) Эндофактор
- F) Макрофактор
- G) Индивидтік
- H) Әлеуметтік-психологиялық

13. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтік ауытқулар педагогикасы:

- A) Тәрбиеге байланысты нормалары
- B) Тәрбиедегі әлеуметтік ауытқу себептері
- C) Адам мен белгілі бір топтың дамуы
- D) Алдын алу мен жеңудің мүмкіндіктері
- E) Білім сапасын арттыру
- F) Арнаулы білім беру
- G) Бос уақытты ұйымдастыру
- H) Өмірге даярлау

14. Тәртібі мен тұлғалық дамуындағы ауытқулардың алдын алу жұмыстары:

- A) Оқу іс-әрекетінің сәттілігі
- B) Педагогикалық қолдау
- C) Сабақтан қалмау
- D) Ата-ананың сенімі
- E) Достарының алдында беделінің артуы

15. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруына ықпал ететін мектеп мұғалімдерінің ата-аналармен жұмысының дәстүрлі түрлері:

- A) Жалпы мектептік мәжілістер
- B) Пікірлесу
- C) Сауалнама алу
- D) Мұғалімнің жеке кеңестері
- E) Ата-аналар жиналысы

16. Кәмелет жасқа толмаған көше балаларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың кезеңдері:

- A) Қорытындылаушы реабилитация(ақтау)
- B) Қайта тәрбиелеу
- C) Байланысу және дәлелдеу
- D) Ресоциализация
- E) Бейімдеу
- F) Ұйымдастыру

17. Әлеуметтік тәрбиенің пайда болуының негізі:

- A) Тәрбие жүйесіндегі дағдарыс
- B) Жұмыссыздық, тұрмыстық деңгейдің төмендеуі
- C) Бейімдеу кезеңі
- D) Тәрбие деңгейінің жоғарылауы
- E) Әлеуметтік өсу
- F) Экономикалық өсу

18. Отбасы тәрбиесінің қалыптасуының нормативтік-құқықтық негіздері:

- A) «Білім туралы» Заң
- B) «Отбасы және неке» Заңы
- C) «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы
- D) «Отбасылық балалар ауылы және жастық шақ үйлері» туралы Заңы
- E) «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» Заңы

19. Әлеуметтік ақпарат:

- A) Көркем шығармалардың мазмұны
- B) Әлеуметтік ағзаның орнықты жұмыс істеуі үшін қажетті ақиқат мәліметтер жиынтығы
- C) Қоғамдық сананың қоғамдық практикаға қайта әсері туралы білім жиынтығы
- D) Сауалнама қорытындысы
- E) Белсендіруші
- F) Психологиялық әсер ету
- G) Қоғамның әртүрлі институттарының жағдайлары мен өзара іс-әрекеті туралы білім жиынтығы

20. Әлеуметтік-педагогика парадигмасы салыстырмалы түрде туғызатын жаңа әдіснамалық тәсілдеме:

- A) социумды әлеуметтік-педагогикалық қайта құру
- B) жеке тұлғаның әлеуметтік дамуы
- C) әлеуметтік-педагогикалық
- D) пәндік ғылымтану теориясы
- E) әлеуметтік-педагогикалық қызметтің моделі
- F) әлеуметтік педагогика әдіснамасының негіздері
- G) әлеуметтік тәрбие, адамды социумға енгізу және оны әлеуметтік сүйемелдеу

21. Өмір мен тәрбие бірлігі ұстанымының негізгі талаптары:

- A) Тәрбие мен дәстүрді ұйымдастыру
- B) Тәрбие нәтижесіне баға беру
- C) Тәрбиені жалпыға ортақ ету
- D) Тәрбие әдістеріне баға беру
- E) Тәрбие бірлігін жинақтау
- F) Тәрбие мақсатын анықтау
- G) Тәжірибе мен әдістерді сараптау

22. Адамды әлеуметтік бірлік ретінде зерттеуден туындайтын міндеттер:

- A) Партиялардың қызметіне әлеуметтік-педагогикалық баға беру
- B) Басқалардан өзгеше адамдардың әлеуметтік даму ерекшеліктерін зерттеу
- C) Тәрбие саласын теориялық және әдістемелік қамтамасыз ету
- D) Адамның жеке тұлға ретінде әлеуметтік дамуының, әлеуметтенуінің ерекшеліктерін зерттеу
- E) Түрлі үлгідегі отбасыларындағы, мекемелердегі әлеуметтік тәрбие тәжірибесін зерттеу
- F) Адамдарды ұлыстарға бөліп қарастыру
- G) Тұлғалардың әлеуметтік тәрбиесін оңтайлы түрде қамтамасыз етудің мазмұны мен әдістерінің проблемаларын зерттеу

23. Әлеуметтік педагогикада өз азаматтарын тәрбиелеуде қалыптасатын заңнамалардың негіздері:

- A) Тәрбиеге байланысты қабылданған нормалар
- B) Елбасы жолдауы
- C) «Жазылмаған заңдар» жиынтығы
- D) 2030 стратегия
- E) Әдет-ғұрыптары
- F) Ашық және тәрбие сабақтары
- G) Қазақ тілі сөздігінің жиынтығы
- H) Оқу құралдары

24. Пенитенциарлық-педагогикалық жұмыстар теориясының бағыттары:

- A) Қылмыстық жазалау мүмкіндіктерін сотталған адамға әлеуметтік-педагогикалық ықпал ету әдісі тұрғысынан зерттеу
- B) Пенитенциарлық мекемелердің түзетушілік және қайта тәрбиелеу қызметтерінің ықпал ету нәтижелерін зерттеу
- C) Бала мен ана арасындағы қатынасты қарастыру
- D) Сәбилердің қалыпты дамуына жағдай жасау
- E) Қарттардың әлеуметтік мұқтаждықтарын анықтау
- F) Отбасындағы қарым-қатынасты түзету жолдарын қарастыру
- G) Конституцияны өзгерту

25. Мектептегі тәрбие жұмысының кемшіліктері:

- A) Жеке дара топтық тәрбиенің мүлдем болмауы
- B) Мектептерде ата аналарға арналған әдістемелік семинарлар ұйымдастыру
- C) Тәрбиелеудің адамгершіліктен тыс жағымсыз бағыттары
- D) Тәрбие мақсатына жететін жүйелі, сатылы жұмыстың болмауы
- E) Асыра ұйымдастырушылық, сабақтағы және сабақтан тыс тәрбие жұмысын біркелкілігі және көз бояушылық
- F) Ұстаздар ұжымындағы бірауызсыздық және жиі кездесетін ұрыс керістік
- G) Педагогикалық тәсіл ретінде жазалау
- H) Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиындық тудыратын материалды техникалық базаның әлсіздігі

**Әлеуметтік педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**